

“Астана Медицина университеті”  
№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

# СӨЖ

**Тақырыбы: Медициналық және фармацевт қызметкерлерінің құқықтық статусы. Науқастың құқықтық статусы**

**Орындаған: Сайдуллаева Г.А.**  
**Тобы: 505 ҚДС**  
**Тексерген: Байгенжеева Р.Қ.**

**Астана 2016ж**

# Жоспар:


I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- 1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі*
- 2. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің жауапкершілігі*
- 3. Пациентге медициналық көмек көрсетудегі құқықтық қатынастар*

III. Пайдаланылған әдебиеттер

## I. Кіріспе



182-бап. Медицина және  
фармацевтика  
қызметкерлерінің  
құқықтары мен  
міндеттері

91-бап. Науқастардың  
құқықтары

**1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің азаматтар мен тұтастай қоғам алдындағы өз қызметі үшін моральдік жауапкершілігін айқындайды.**

**2. Медицина және фармацевтика қызметкерлері өз қызметінде:**

- 1) осы Кодексті және Ар-намыс кодексін басшылыққа алуға;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын нығайтуға жәрдемдесуге;
- 3) тек қана пациенттің мүдделерінде шешім қабылдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерінің жоғары атағына кір келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы атқаруға;
- 6) өзінің кәсіптік білімін үздіксіз жетілдіруге;
- 7) өзінің жеке пайдасын басшылыққа алып, профилактика мен емдеудің әдістері мен құралдарын жарнамалауға және пайдалануға жол бермеуге;

- 8) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға;
- 9) денсаулық сақтау ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға және оны тиімді пайдалануға;
- 10) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- 11) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және жеке басының өзге де мақсаттарында пайдалануға жол бермеуге;
- 12) жек басының үлгісімен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуге;
- 13) басқа да медицина және фармацевтика қызметкерлері тарапынан Арнамыс кодексінің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге;
- 14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде белгіленген киім нысанын сақтауға тиіс.

### **3. Пациенттермен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:**

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез-келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) мұқтаж болған әрбір адамға медициналық көмек көрсетуге;
- 3) адам өмірін сақтау өзінің борышы екенін әрдайым есте ұстауға;
- 4) азаматтардың мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін нығайтуға жәрдемдесуге;
- 5) пациенттерге қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттердің жолын кесужөнінде күш-жігер жұмсауға;
- 6) өз әс-әрекетімен қоғам тарапынан негізделген сын айтылуына жол бермеуге, сынға сабырлылықпен қарауға, сындарлы сынды қзінің кәсіптік қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін пайдалануға тиіс.

#### **4. Өз әріптестерімен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:**

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен биязылық танытуға;
- пациенттің мүддесі талап етсе, риясыз көмек көрсетуден бас тартпауға және әріптестерінен кеңес сұрауға;
- басқа медицина және фармацевтика қызметкерінің кәсіптік біліктіліне көпшілік алдында күмән келтірмеуге;
- қазақстандық медицинаның дәстүрлерін және жетістіктерін байытуға тиіс.

**5. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтауы олардың кәсіптәк борышы болып табылады.**

**6. Денсаулық сақтау ұйымының ұжымы оның басшысының шешімі бойынша медицина және фармацевтика қызметкерінің Ар-намыс кодексінің ережелерін сақтамау фактісін қарап, қараудың нәтижесі бойынша қоғадық мін таға алады.**

**7. Денсаулық сақтау ұйымының басшылары Ар-намыс кодексі мәтінінің көрнекі үгіт орындарында орналастыруларын қамтамасыз етеді.**



## Пациенттердің құқықтары

1. Пациенттің осы Кодекстің 88-бабында көрсетілген құқықтардан басқа:
  - 1) диагностика, емдеу және күтім жасау процесінде өзіне лайықты ілтипат жасалып, өзінің мәдени және жеке басының құндылықтарына құрмет көрсетілуіне;
  - 2) қандайда бір кемсітушілік факторларының ықпалынсыз, тек қана медициналық критерийлер негізінде айқындалатын кезектілікпен медициналық көмек алуға;
  - 3) дәрігерді немесе медициналық ұйымды таңдауға, ауыстыруға;
  - 4) отбасының, туыстары мен достарының, сондай-ақ діни бірлестіктер қызметшілерінің тарапынан қолдау көрсетілуге;
  - 5) медициналық технологиялардың қазіргі деңгейі қандай мүмкіндік берсе, сондай шамада дерт зардабының жеңілдетілуіне;
  - 6) өзінің денсаулық жағдайы туралы тәуелсіз пікір естуге және консилиум өткізілуіне;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады.

- 2. Пациенттің өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің құны туралы, сондай-ақ олардың ұсынылу тәртібі туралы ақпарат алуға құқығы бар.** Пациенттің құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымдардың көрнекі үгіт орналасатын жерлерінде орналастырылуға тиіс. Медициналық ұйымға түскен кезде пациентке өзіне медициналық қызметтер көрсететін адамдардың аты-жөні мен кәсіптік мәртебесі туралы, сондай-ақ медициналық ұйымның ішкі тәртібінің қағидалары туралы мәліметтер берілуге тиіс.
- 3. Медициналық көмек пациенттің ауызша немесе жазбаша хабардар етілген ерікті түрдегі келісімі алынғаннан кейін көрсетілуге тиіс.**
- 4. Пациент медициналық көмек алу кезінде ұсынылатын және баламалы емдеу әдістерінің ықтимал қатері мен артықшылықтары туралы деректерді, емделуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтерді, пациентке түсінікті болатын нысандағы диагноз, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпаратты қоса алғанда, өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпаратты алуға, сондай-ақ оны үйге шығару немесе басқа медициналық ұйымға ауыстыру себептері туралы түсінік алуына құқығы бар.**
- 5. Пациент өз денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты хабарлау қажет болатын адамды тағайындай алады.** Пациенттің ақпарат алудан бас тартуы жазбаша ресімделеді және медициналық құжаттамаға енгізіледі.
- 6. Егер медициналық апараттың берілуі пациентке пайдасын тигізбейтіні былай тұрсын, елеулі зиянын да тигізеді деуге кесімді негіз болса ғана ақпарат пациенттен жасырылуы мүмкін.** Мұндай жағдайда осы ақпарат пациенттің жұбайына (зайыбына), оның жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне хабарланады.

**7. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары жағдайында медициналық көмек алатын пациенттердің оқу процесіне қатысудан, сондай-ақ емдік-диагностикалық рәсімдердің өткізілуі кезінде үшінші тұлғалардың қатысуынан бас тартуға құқығы бар.**

**8. Пациенттердің құқықтарын қорғауды денсаулық сақтау органдары, ұйымдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.**

**9. Пациенттің медициналық көмек алу кезінде тағайындалған дәрілік зат туралы толық ақпарат алуға құқығы бар.**

**10. Некелесетін азаматтардың медициналық және медициналық-генетикалық зерттеп-қаралуға құқығы бар.**

### III. Пайдаланылған әдебиеттер

1. Биғалиева Р., Исмаилов Ш. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару. – Алматы, 2001. – 371 б.
2. Решетников А.В., Шаповалова О.А. Здоровье как предмет изучения в социологии медицины , учебное пособие. – М., 2008. –64с.
3. Козлова Т.В. Основы права, учебное пособие+СД– М, 2008. –192с.
4. Медик В.А. Руководство по статистике здоровья и здравоохранения-М., Медицина, 2006.- 528 с.